



TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//10 ҚАҢТАР 2019 ЖЫЛ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



АГРАРШЫЛАРДЫҢ АСҚАРАЛЫ АСУЛАРЫ

Кен-байтақ қазақ жерінің байлығы ұшан-теңіз, бұл теңеу ең алдымен селеулі сайын далада өрген мыңғырған мал мен жайқалған егінге қатысты. Әсіресе еліміздің экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудегі әлеуеті жоғары.

ЖЕТПІСБАЙ БЕКБОЛАТҰЛЫ

Осыны ескере келе, Елбасымыз агроөнеркәсіптік кешен алдына еңбек өнімділігі мен өңделген өнім экспорттан тауардағы бес жыл ішінде кемінде екі жарым есеге ұлғайту міндетін алға қойған болатын. Өлемдік және аймақтық нарықтарда қалыптасып отырған ахуалға орай өткен жылғы шілде айында саланы дамытудың 2021 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы өзектендіріліп, қайта бекітілді. Бағдарламаны басқару алғаш рет жобалық тәсілдемені қолдану арқылы пилоттық тәртіпте жүзеге асырылып жатқанын айтуға тиіспіз. Бұл үшін жобаларды жедел бақылап отыратын толыққанды кенсе құрылды, басқару стандарттарына сәйкес он салалық, он төрт өндірік бағдарлама дербес бөлінді. Сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды көздегенін он аралас бағдарламаны әзірлеу, атап айтқанда «Ауыл – ел бесігі» жобасын жасау қолға алынды. Әр бағдарлама агробизнес және мемлекеттік органдар өкілдерінің тікелей араласуымен іске асырылуда, оларды орындау барысы «Face-book» әлеуметтік желісінде көрсетілуде. Әрбір салалық және өндірік бағдарламада он жылға арналған нақты индикативтер



мен іс-шаралар көзделген, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шаралары мен олардың тиісті көлемі және қаржыландыру көздері айқындалған. Ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығынан бастап шағын және орта шаруа қожалықтарына негізделетін етті мал шаруашылығын дамыту бойынша ұзақ мерзімді салалық бағдарлама іске асырыла бастады.

Оны орындау үшін жеңілдетілген «Сыбаға» кредиттік өнімі іске қосылды. Бұл жоба өткен жылдың екінші жартыжылдығынан бері іске асырыла бастағанына қарамастан, жоспар асыра орындалып келеді. Бүгінгі күнге дейін 600-ден астам фермер кредит алды. Фермерлік шаруашылықтардың ірі қара мал сатып алу бойынша жылдық жоспары 50 мың басты құрап

отыр. Өткен 11 айда 67 мың басқа өтімін қабылданды, 55 мың басқа арналған кредит мақұлданып, берілді. Аналық табынды тұқымдық түрлендіру жоспары 1 млн. басты құрайды. Қазіргі таңда тұқымдық түрлендіруге шамамен 977 мың аналық бас немесе табынның 98 пайызы қатысуда. Экспортқа келетін болсақ, өткен жылдың соңына дейін сиыр етін сыртқа шығару

көлемі 14,5 мың тоннаны құрады. Экспортталған сиыр етінің жартысына жуығы, атап айтқанда 45,2 пайызы Түркістан облысына тиесілі. Бұл дерек сиыр етінің экспорты бойынша жоспарланып отырған 15 мың тонна көрсеткіштің асыра орындалатынына берік негіз қалап отыр. Сүт бағдарламасы бойынша өнім өндіру көлемін он жылда 1 млн. тоннаға арттыру

көзделген. Максатқа жетуінің индикативтік көрсеткіштері айқындалды. Атап айтқанда, 2027 жылға дейін қуаттылығы 400 басқа дейін жететін жана 527 отбасылық тауарлы сүт фермасын, қуаттылығы 400 басқа дейін жететін 19 өндірістік тауарлы сүт фермасын ашу жоспарлануда.

> [3]

Индекстері			
KASE	2314.9	-0.01%	↓
FTSE 100	6861.6	0.74%	↑
MSCI World	1935.8	0.84%	↑
S&P 500	2574.4	0.97%	↑
Dow Jones	23787.5	1.09%	↑
Russel 2000	21602.75	1.51%	↑
Russel 3000	1427	1.05%	↑
SSE Comp	2545.39	0.75%	↑
08 Қаңтар 2019			
Тауарлар			
Мұнай	58.7	2.42%	↑
Мыс	5892	-0.34%	↓
Қорғасын	1958.8	0.76%	↑
Мырыш	2516	-0.87%	↓
Никель	11113.5	0.24%	↑
Алюминий	1842.3	-0.97%	↓
Уран	28.9	0.00%	
Паладий	1313.00	3.47%	↑
08 Қаңтар 2019			
Валюта нарықтары			
USDKZT	375.23	-0.42%	↓
EURKZT	429.3	-0.60%	↓
USD RUB	66.899	-1.23%	↓
USD JPY	28.04	0.89%	↑
USD BVR	21590	-0.60%	↓
EUR USD	1.1441	-0.29%	↓
GBP USD	1.2717	-0.47%	↓
08 Қаңтар 2019			

ҰЛТТЫҚ САЛҒАТ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

2019: Теңге бағамына болжам

Ұлттық валютамыз өткен 2018-жылы ең құбылып, тіпті жылдың аяғында мүлде құлдырап, өзі қолданысқа енген ширек ғасыр аралығындағы рекорттық көрсеткіштен бір-ақ шыққанына да күй болмақ. Ал, енді ғана басталған 2019 жылы төл теңгеміздің 1 АҚШ долларына шаққандағы бағамы 365-380 теңге дәлзінде болады, деген «Интерфакс-Казакстан» агенттігі сұрау салған сарапшылар негізінен оң таралымыздан нағыз айтуы өз көңіліне.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

МҰНАЙ БАҒАСЫНЫҢ БІРШАМА ЖОҒАРЫЛЫҒЫ ТЕНГЕНІ НЫҒАЙТПАК

Қазақстан Халық банкінің еншілес Halyk Finance компаниясы Зерттеулер департаментінің бас талдаушысы Асан Құрманбеков 2019 жылы ұлттық валютаның орташа бағамы бір АҚШ долларына 370-375 теңге деңгейінде болады, деп есептейді. «Ұлттық валютамыздың 2019 жыл бойына орнықты нығаюына көмірсутегіне бағалар деңгейінің

біршама жоғары болуы мүмкіндік бермек, біздің болжауымызша, бұл Brent маркалы мұнайдың бір барреліне 68 – 70 доллар болады, экспорттық түсімнің өсуі және аса ірі мұнай жобалары аясындағы ТШИ (тікелей шетелдік инвестициялар) түріндегі капиталдың күйілуы да бұған оңды әсерін тигізеді», – деп есептейді Асан Құрманбеков.

Оның пікірінше, жылдың ортасына және соңына қарай аса ірі мемлекеттік («AirAstana») АҚ мен «Казактелеком» АҚ және бәлкім «КазМұнайГаз» АҚ-ның да) активтерінің IPO-ы жүргізілуіне байланысты инвестициялар күйілуы ұлттық валютаға қолдау көрсетпек.

«Алайда ресейлік рубльге теңгенің «әлсіздігін» Ұлттық банктің қолдауы бойынша жүргізілген саясаттың салдарынан – теңгенің орнықты шартталған бір долларға шаққандағы 320 – 345 теңге деңгейінен 2018 жылы 380 долларға дейін жеткені – казакстандық валютаның орнықты нығаюу тиімділігін айтарлықтай деңгейде жоққа шығарады», – деп шамалайды сарапшы.

Асан Құрманбековтың айтуынша, Ресейге қарсы санкциялардың жыл бойы кейіне түсуі және Ресей Федерациясындағы «бюджеттік» ережелерді қолдану ресейлік рубльдің АҚШ долларына бағамын түзуін әлсірететін әсерін тигізетін болады. «Үйлестірушінің 2019 жылы ресейлік рубльге «әлсіс» теңге саясатының бір рубльге 5,6 теңге деңгейінде сақталуы жыл бойына USD/KZT жұбы бойынша «алма-спайтын» әлсірету әсерін тигізетін болады», – деп атап көрсетті сарапшы.

Есепті мөлшерлемені одан әрі арттыруға байланысты АҚШ-тағы ақша-кредит жағдайларының қатаюуы, Асан Құрманбековтың пікірінше, теңгенің АҚШ долларына бағамын қалыптастыруға, республикадан капитал жылыстауы арқылы, шектеулі ғана әсер ете алады, «бәрін бұрын казакстандық теңге бағамы америкалық валютаның жаңадан денгейде нығаюына белгілі дәрежеде ыңғайлануы жүзеге асады.

> [4]

БЕЙНЕУ-БОЗОЙ-ШЫМКЕНТ



Көгілдір отын мәселесі шешілді

«Түркістан» компрессорлық станциясы жұмысын бастады

Бейнеу-Бозой-Шымкент магистральді газ құбыры Қазақстанның тәуелсіздік тарихындағы ірі құбырлық жоба болып табылады және мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Жұмыс аяқталуына қазіргі тауарлы «Түркістан» компрессорлық станциясы іске қосылды.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Магистральді газ құбырын салу еліміздің оңтүстігіне газды тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету, бірінші газ тасымалдау жүйесін құру және казакстандық газды сыртқы нарыққа экспорттауды арттыру жөніндегі стратегиялық міндеттерді шешеді.

> [5]



БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

► Еңселі Елорда

Бае қаланың бағыты



Астана қаласының әкімі Бакыт Сұлтанов қала экономикасы дамуының басты бағыттарына тоқталып, орта мерзімді кезеге арналған басым міндеттері белгіледі.

Астана әкімінің төрағалығымен өткен жылдың қорытындысы және биылдың жоспарына арналған қала активінің кеңейтілген аппаратының кеңесі өтті. Б.Сұлтановтың айтуынша, қаланың ортаны сапалы арттыру мақсатында өткен жылы Астана қаласында тұтас құрылыс салу бойынша 2019-2023 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылданды.

— Көліктік инфрақұрылым саласындағы жыл сайынғы көлік санының 8-9%-ке өсу деңгейіне байланысты 2023 жылға дейін 121 км жол, 2 көліктік жол айрығы, 3 көпір, 1 жол өтпесі, 1 тоннель, сондай-ақ, ең алдымен жеңіл рельстік көлік — LRT жолын салу жоспарланып отыр. Көліктік қаңқасын қалыптастыру елорда жолдарында негізгі магистральді жөндеуге және көлік қоллап-сауынуға ықпалдылығын арттыруға мүмкіндік береді, — деді шаһар басшысы.

Білім саласындағы 2023 жылға дейін елордаға көшіп келетін өсім есебінен мек-

теп жасындағы балалар контингенті 124 мың адамды құрайды. Осы орайда мектепте орын тапшылығын жою үшін 37 мектеп, 10 қосымша жапсарлас ғимарат салынады. Сонымен қатар мектепке дейінгі біліммен 100% қамту үшін 25 балабақша салу жоспарлануда. Денсаулық сақтау саласында 15 нысан салу жоспарланған. ТКШ тұрғындарын сапалы қызметтермен қамтамасыз ету мақсатында 150 км сумен жабдықтау желілері және 81 км су бұру желілері салынады. 2-ЖЭО жаңғырту қосымша 2-2,5 млн шаршы метр тұрғын үй және коммерциялық ауданның орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда Астанада екінші деңгейлі банктермен мақұдланған несилердің жалпы сомасы 20,4 млрд теңгені құрады, бұл 1400 отбасыны пәтермен қамтамасыз етті. «7-20-25» бағдарлама қолжетімді бола түсуі үшін, біз жергілікті бюджеттен тұрғын үй сатып алуға әлеуметтік көмек ретінде білім беру, денсаулық сақтау және полиция қызметкерлеріне 1 млн теңге көлемінде қаржы бөлінеді.

► Әл-ауқатты арттыру

Кәсіпорындар еңбекақыны көтеруде

Ақтобе облысының басшысы Бердібек Сапарбаевтың төрағалығымен әкімдіктің, кәсіподақ орталықтарының және кәсіпорны басшыларының өзара ынтымақтастық туралы ұшақшы меморандумдарды орындау мәселелеріне қатысты жиыналы өтті.

Бытлар облыста өндірістік процестерді тұрақтандыру, еңбек құқығы мен жұмысшылардың кепілділігін қамтамасыз ету бойынша барлығы 4781 меморандумға қол қойылды. Еңбек инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Бауыржан Оразасвтың айтуынша, оларды жүзеге асыру нәтижесінде бытлар облыстағы 591 кәсіпорында еңбекақы көтерілді. Мысалы, 2018 жылғы қантардан бастап «СНПС-Ақтобе мұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жалақысы 12-ден 23%-ке дейін, «СНПС-Ақтобе Көлік Компаниясы» ЖШС — 7-23%-ке дейін, «Қазақойл Ақтобе» ЖШС, «Восход-Ориел» ЖШС, «Восход Хром» ЖШС, «АРБЗ» ЖШС, «Восток нефть и Сервисное обслуживание» ЖШС, «Базальт-А» ЖШС және басқа да кәсіпорындарда 10%-ке көтерілді.



Б.Сапарбаев қызметкерлердің еңбек құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз ету бойынша меморандумдар жасау тәжірибесі биыл да жалғасын табатынын атап өтті. Ол облыстағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ұжымдық шарттар жасауды қамтамасыз етуді, оларда кәсіподақтар құру жұмысын жалғастыруды тапсырды.

Бүгінгі таңда облыс бойынша 8 600-ден астам ұжымдық шарт жасалды, оның ішінде 95%-і ірі және 94,7% орта кәсіпкерлік субъектілері. Өткен жылы еңбек инспекциясы Ұжымдық шарт бойынша міндеттемелерді орындамаудың және бұзуудың бес дерегінің жо-

лын кесті. Мысалы, «Энергосистема» ЖШС жалпы сомасы 103 миллион теңгеге 1 800 қызметкерге емдік жәрдемақы төлемеген. Барлық анықталған бұзушылықтар бойынша оларды жою туралы ұйғарымдар беріліп, әкімшілік айыппұлдар салынды.

Сонымен қатар аймақ басшысы еңбек инспекциясы тарапынан бақылаудың нашар екенін атап көрсетіп, кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының өздерінің меншік нысанына қарамастан қабылдаған міндеттемелері орындалуы тиістігін, өзге жағдайда тәртіп бұзушылар жауапқа тартылатынын ескертті.

► Статистика

Сыртқы қарыз қысқарды



Ресми деректер бойынша, Қазақстанның сыртқы қарызы өткен жылдың қазан айындағы есебі бойынша, 8,6%-ке азайып, 161,5 млрд долларға дейін төмендеген.

Сыртқы борыштың 63,7%-ін бұрынғысына қарағанда фирмаларлық берешек құраса, 25,7% байланысты емес кредиторлар айналындағы қарыз, 7,1% мемлекеттік сыртқы борыш, ал

3,5% — банк секторының сыртқы міндеттемелері болып отыр. Өткен жылдың III тоқсанында экономиканың барлық секторлары есебінен елдің сыртқы берешегі 3 млрд АҚШ долларына қысқарды. Ал мемлекеттік сыртқы борыш негізінде Ұлттық банктің қысқамерзімді ноталарын өтеу және оларға шетел инвесторларының сұранысының азаюы есебінен шамамен 453 млн АҚШ долларына қысқарған. Сондай-ақ фирмаларлық берешек мұнай-газ секторындағы ірі компаниялардың шетелдік ұйымдардың еншілес кәсіпорындарынан несенені өтеу нәтижесінде 823,7 млн АҚШ долларына төмендеді.

► ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Елбасы халыққа арнаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатын өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасының барлығын оң баға берді. Бағдарлама жүзеге асырылған екі жылдың ішінде шамамен 200 мыңға жуық отбасы тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік алған.

БОТАӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасы 15 жылда 1,5 млн отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметінше, 2017 және 2018 жылдың 11 айында барлық қаржыландыру көздерінен 22 161 мың м² тұрғын үй пайдалануға берілген. Бытлар жалпы 12,1 млн м² тұрғын үй немесе 100 мыңға жуық баспананы, оның ішінде 1,3 млн м² тұрғын үйді мемлекеттік инвестициялар есебінен пайдалануға беру керек болатын. Өткен жылдың 11 айында 11 млн м² пайдалануға берілді, бұл жылдық жоспардың 91%-і. 96 731 баспана салынып, жылдық жоспардың 97%-і орындалды.

Мемлекеттік бағдарлама жүзеге асырылғаннан бері екі жыл ішінде қолданысқа берілген тұрғын үй көлемі бойынша Астана, Алматы қалалары, Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Алматы және Қызылорда облыстары алдыңғы қатарда тұр. Жалпы, 11 айдың қорытындысы бойынша алдыңғы жылмен салыстырғанда республиканың барлық өңірлерінде тұрғын үй құрылысы көлемінің ұлғайғаны байқалады.

Тұрғын үй қолжетімділігін арттыру мақсатында мемлекет халыққа көмек көрсету тетіктерін үнемі жетілдіріп отырады. Бұл ретте «Нұрлы жер» бағдарламасы ипотекалық несилендірудің қолжетімділігін арттыру, тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы несилік тұрғын үй салу, жалдамалы тұрғын үй қорын құру, жеке тұрғын үй құрылысын дамыту, жеке құрылыс салушылардың тұрғын үй құрылысына ынталандыру, бұрын қабылданған мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларын іске асыру секілді негізгі бағыттар бойынша жүреді.

Бағдарламада тұрғын үй нарығын дамыту бойынша кешенді шаралар, мысалы, «Даму» АҚ мемлекеттік субсидиялары арқылы банктік несилердің құнын төмендету қарастырылған. ИИДМ мәліметі бойынша, бүгінде қатысушы-банктерге жеке құрылыс

салушылардан 72,6 млрд теңгеге 84 өтінім түскен. Оның ішінде «Даму» АҚ арқылы 45,2 млрд теңгеге субсидияланған несилерді беру туралы 51 келісімге қол қойылды. 2020 жылға дейін барлығы 152 млрд теңгеге субсидияланған несие беріліп, 600 мың м² коммерциялық тұрғын үй салу жоспарланып отыр, оның ішінде 199,6 мың м² салынып болды.

Президенттің Бес әлеуметтік бастамасында маңыз берілген «7-20-25» бағдарламасының енгізілуіне байланысты «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» АҚ арқылы халықтың бастапқы тұрғын үй сатып алу үшін ипотекалық несилерін субсидиялау бағыты алынып тасталды. Сонымен

кезекте тұрғандар пилоттық жобаға қатысуға және инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізген дайын үлгі жер телімін сатып алуға, сонмен қатар, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен жеңілдетілген несие алуға құқылы. Осындай тәсілдер арқылы кезекте тұрғандар үшін ай сайынғы төлем алғашқы 5 жылда — 70 мың теңге, кейінгі 10 жылда — 56 мың теңге болады. Бұл шаралар жыл сайын шамамен 40 мың үйді (4 млн м²) енгізуге мүмкіндік береді. Мәселен, 2017 жылы 184 үй пайдалануға берілді.

Бытлар бірінші сәулеттік стильде жеке тұрғын үй құрылысының пилоттық жобалары жалғасын тапты. Республикалық бюджет есебінен сумен және электрмен жабдықтау желілері салынып жатыр.

Баспана халық үшін қолжетімді болуы керек



көлемі бойынша Астана, Алматы қалалары, Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Алматы және Қызылорда облыстары алдыңғы қатарда тұр. Жалпы, 11 айдың қорытындысы бойынша алдыңғы жылмен салыстырғанда республиканың барлық өңірлерінде тұрғын үй құрылысы көлемінің ұлғайғаны байқалады.

Алдыңғы жылмен салыстырғанда республиканың барлық өңірлерінде тұрғын үй құрылысы көлемінің ұлғайғаны байқалады.

Мемлекеттік бағдарлама жүзеге асыру барысында қазақстандықтардың жеке тұрғын үй құрылысына қызығушылығы артып отыр. Бұл бағытта жер телімін алуға кезекте тұрған азаматтар қатыса алады. 2017 жылы облыс орталықтарында жеке тұрғын үй құрылысын жалғыз сәулеттік стильде салу үшін пилоттық жоба іске қосылған болатын. Ол бір құрылыс салушы арқылы жергілікті құрылыс материалдары мен үй құрылысы комбинатының технологиясын қолдануды көздейді. Аталмыш технологияларды тиімді құрылыс жобаларына қолдану 1м² тұрғын үй құрылысының құнын 120 мың теңгеден асырмауға мүмкіндік береді.

Әкімдіктерде жер телімін алуға

қатар жүзеге асырылған барлық кезең ішінде екінші деңгейлі банктер халықпен 34,5 млрд теңгеге 3336 субсидиялау келісімшартын жасасқан.

«Нұрлы жер» іске асырылғаннан бері 876,9 мың м² несилік тұрғын үй немесе 14658 пәтер, сондай-ақ 248,1 мың м² жалдамалы тұрғын үй немесе 4592 пәтер салынды.

► УАҚЫТ АҒЫМЫНДАҒЫ БІР СӘТ: АЛМАТЫНЫҢ КЕШЕГІСІ ЖӘНЕ БҮГІНГІСІ



Жоғарғы суретте: Қазіргі Алматы қаласындағы Алматы арена стадионы

Төменгі суретте: Алматы қаласындағы Орталық стадион 1958 жыл



БИЗНЕС & ҚОҒАМ

➔ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Аграршылардың асқаралы асулары

> [1]

Өткен жылдың өзінде он бес тауарлы сүт фермасы іске қосылды. Мұның 10-ы – жалпы қуатлығы 7400 басты құрайтін өндірістік, бесуі – отбасылық фермалар. Сонымен қатар сымдылығы 4500 басты құрайтін қосымша он ферманы іске қосу көзделген. Мембағдарламаны іске асыру нәтижесінде ұйымдасқан шаруашылықтарда сүт өндіру көлемі өткен он айда 1,3 млн. тоннаны құрады. Осы ретте ұйымдасқан шаруашылықтар сүтін негізгі бөлігін беретінін айта кетуіміз керек. Мәселен, бұл шаруашылықтар 2017 жылмен салыстырғанда өткен жылдың он айы ішінде 7,8 пайызға көп сүт өндірді. Бұл өңдеуге келіп тұскен нақты есептеген сүт көлемі болып табылады. Ал, жеке қосалқы шаруашылықтар осы кезең ішінде небәрі 1,9 пайызға ғана артық сүт өндірді. Тілге тиек етілген тағы бір бағдарлама – құс шаруашылығы жобасы шеңберінде күс етін өндіру деңгейін алағанын он жылда үш есеге, яғни 200 мың тоннадан 700 мың тоннаға дейін ұлғайтып, импортты алмастыру көзделіп отыр. Өткен жылы жылдық құты 60 мың тонна құрайтін Макинна құс фабрикасы іске қосылды. Бұл осы кезеңдегі ең ауқымды жоба болып табылады.

Өсімдік шаруашылығындағы ең үлкен резерв суармалы жерлерді дамытуға жатыр. Мемлекеттік бағдарлама аясында 2021 жылға дейін 610 мың гектар жерді өңдеу көзделіп отыр, оның ішінде өткен жылы 65 мың гектар жер айналымға тартылды, мұның ішінде Алматы облысы бойынша 11,6 мың, Ақтөбе облысы бойынша 5,2 мың, Жамбыл облысы бойынша 17,4 мың, Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2,7 мың гектар суармалы жер айналымға енгізілді. Аталған міндетті орындау мақсатында Ислам Даму Банкімен және Еуропа Қайта Құру және Даму Банкімен бірлесіп, 100 млрд. теңгелен астам сомаға 128 мың гектар, атап айтқанда Алматы облысында 35,4 мың, Ақтөбе облысында 16,0 мың, Жамбыл облысында 51,0 мың, Түркістан облысында 25,7 мың гектар жердің гидромелиорациялық жүйелерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Бұдан басқа суармалы жерлерді дамыту жөніндегі салалық бағдарлама шеңберінде тағы да 1,5 мың. гектар жерді суармалы жерлерді айналымға тартып, олардың аумағын 3,5 мың. гектарға дейін жеткізу көзделіп отыр. Осалына, жалпы егіс егілетін алаң аумағындағы суармалы жерлердің үлесі 16 пайызды

құрап, жалпы өнім көлемі 2,4 трлн. теңге деңгейіне жетеді. Суарылатын егіншілік тек көкөніс пен жеміс қана емес, сондай-ақ мал шаруашылығы үшін де кепілді азық көзі болып табылатыны белгілі.

Келесі бір қарқынды жоба – бақ шаруашылығын дамыту бағдарламасы шеңберінде он жыл ішінде 47 мың гектар алаңға жайқалған бақ отырғызу және импортты алмастыру міндеті ала қойылып отыр. Бұдан бөлек жеміс сақтау қоймаларын салу, зиянкесі көп қөшеттер өндіру питомниктері мен зертханаларын құру, өнім өңдеу қуаттарын жете жұктеу сияқты аралас бағыттар да дамытылатын болады. Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстары мәуелі бақтар орналасатын негізгі өңірлерге жатады. Өткен жылы қарқынды бақ шаруашылығын дамыту бағдарламасын іске асыру мақсатында 862 гектар бақ отырғызу жүзеге асырылды, оның ішінде Алматы облысында 162 гектар, Жамбыл облысында 200 гектар, Түркістан облысында 500 гектар бақ отырғызылды. Осыған ұқсас жұмыстар басқа да салалық бағдарламалар бойынша желел жүргізіліп жатқанын айтуға тиіспіз.

Агроөнеркәсіптік кешен нысандарын қарқындыру қолжетімділігін арттыру үшін сегіз нақты шара көзделген, оларды іске асыру осы мәселеге қауіпсіз жағдайды түбегейлі өзгертуге мүмкіндік береді. Өткен жылы негізгі қараларға арналған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникаларының лизингі қалпына келтірілді. Бұл өткен жылдың 10 айында 50 млрд. теңгелен астам сомаға 2752 техника бірлігін лизингке алуға мүмкіндік берді. Бағдарлама өткен жылдың екінші жартыжылдығында іске асырыла бастағанын ескерсек, бұл жақсы нәтиже саналады. Инвестициялық субсидиялау бойынша тәсілдемелер өзгертілді. Енді инвестициялық салымдарды өтеу үлесі барлық паспорттар бойынша 25 пайыз болып белгіленді. Тек жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құру жобалары бойынша өтеу 80 пайыз деңгейінде сақталатын болады. Бұл жана инвестициялық жобаларға бастама жасауға серіппен береді. Егер 2017 жылы КазАгро желісі бойынша 45,1 млрд. теңгеге 40 ірі инвестициялық жоба, өткен жылы құны 104,5 млрд. теңгеге 76 жоба мақұлданды. Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру аясында тиімсіз субсидиялар қысқартылауда, мұндай субсидияларға өсімдік шаруашылығындағы гектарлық

субсидиялар, мал шаруашылығындағы өнімділікті субсидиялау жатқызылды. Реформада қорытындысы бойынша 54 субсидия түрінен 34 субсидия қалады. Қалғандары барынша оңтайландырылып, толықтай автоматтандырылатын болады. Бұл өтінімдерді қарастыру мерзімін орташа есеппен 2,5 есеге, яғни 18 күннен 7 күнге дейін қысқартып, сыбайлас жемқорлық төуекелдерін төмендетеді. Өткен жылы алғаш рет минералдық тыңайтқыштарға субсидия беру үдерісі толық автоматтандырылды.

Сондай-ақ қаржы институттарынан КазАгро арқылы аграрлық секторды қаржыландыруға тарту жұмысы жүргізілуде. Аталған бағыт бойынша кредиттік серіктестіктері, микроқаржы ұйымдарын, екінші деңгейдегі банктенді және лизингтік компанияларды қорландыру арқылы екі жыл ішінде кредит беру көлемі 21 пайыздан 37 пайызға дейін артты. Өткен жылдың басынан бері холдингі 75,3 млрд. теңгеге қаржылық институттарды қорландырды. Кредитор бойынша кепілдендіру жүйесі жетілдірілуде, былайан бастап кредит сомасының 30 пайызына дейінгі кепілдікті кепілмен қамтамасыз ету жетістік турған шағын және орта бизнес даму үшін алатын болады. Бұл үшін тиімді қамталар қабылданды. Бұдан басқа ауыл шаруашылығындағы сақтандыру жүйесінен жеке кредиттік серіктестіктерді жетілдіру жұмыстары жүргізілуде, сондай-ақ жаңа қаржы құралы – аграрлық қолақ енгізілуде. Бұл үшін заманауи актілерге енгізілген өзгерістер пакеті әзірленіп, қазіргі таңда Парламентте қаралауда.

Ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру мақсатында ғылым және білім тартуды дамыту үшін ағымдағы жылы Ұлттық аграрлық ғылым-білім беру орталығының жүйесінде құрылымдық өзгерістер жүргізілді.

Агроөнеркәсіптік кешенде инновацияларды неғұрлым табысты пайдаланып отырған елдердің тәжірибесі негізге алынды. Бұл орайда АҚШ-та және Бразилияда ғалымдарды қолданбалы ғылымға мақсатты дайындауға баса назар аударылады. Колданыстағы 23 ғылым зерттеу институтын қайта құру нәтижесінде оның 12-сі қалды, ауыл шаруашылығы тәжірибе станцияларының саны 19-ға артып, сондай-ақ 14 өңірлік агроорталық құрылууда. Ағымдағы жылы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру 4,2 млрд. теңгелен 7,6 млрд. теңгеге, немесе 1,8 есе ұлғайды. Тағы бір жаңалық – бұдан былай бизнес-қауымдастықтар алдағы үш жылға арналған ғылым-зерттеу тақырыптарын қаржыландыру

туралы шешім қабылдауға қатысады. Келесі кезеңде бірлесіп қаржыландыруды субсидиялау есебінен нарықтық зерттеулерге деген қажеттілік қалыптастырылып, ғылыми ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жанартуға 4,1 млрд. теңге бөлінеді.

Осы ретте А.И. Бараев атындағы Астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы, «Заречно» тәжірибе шаруашылығы және Қасқелен тәжірибе шаруашылығы базаларында 3 эксперименттік-технологиялық «нақты егіншілік» платформасы құрылған атап өтуге тиіспіз. Олардың жалпы алаңы 14,6 мың гектарға жетеді. Бұл сынақ алаңдарында ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімі өңірлік көрсеткіштерден 2-2,5 есеге артық болды, ал рентабельділігі 30-дан 70 пайызға дейін ұлғайды. Сынақ алаңдарында 1318 ауыл шаруашылығы маманы оқудан өтті. Аграрлық білім берудің сапасын жақсарту мақсатында 3 аграрлық жоғары оқу орнында Назарбаев университетінің үлгісімен әлемдік озық жоғары оқу орндарының стандарттары енгізілімек. Оның ішінде шетелдік жоғары оқу орндарының франшизасы тартылды. Қазак ұлттық аграрлық университеті әлемдегі аграрлық университеттер арасында бірінші оқы орны саналатын нилерландтық Wageningen университетімен. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агроэкономикалық университеті әлемдік рейтингте екінші орын алатын америкалық U.C. Davis университетімен, Жөңгір жан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті Қытайдағы Чжизян университетімен ынтымақтаса жұмыс істеуді бастады.

Жыл сайын франшиза бағдарламасы бойынша әлемдік университеттерде халықаралық стандарттарға жауап беретін және еңбек нарығында суранысқа ие жүз студент дайындалатын болады. Білім таратудың жаңа жүйесі агропартер мен өңірлік орталықтар жүйесіне сүйенбек, олар жергілікті жерлерде аграрлық сүйемелдеуді, өңірдің фермерлері үшін қажетті технологияларды беруді және олардың сақталуын жүзеге асырады. Өңірлік орталықтардың базасында нақты білім мен қажетті технологиялық шешімдерді беру үшін ғылым-зерттеу институттары мен жоғары оқу орндарының ғылыми әлеуеті молынан пайдаланылады. Сонымен қатар технологияларды таратумен айналысатын компаниялардың жеке бастамалары да қолдау табыды.

➔ АТАМЕКЕН

Кәсіпкерлердің салық мәселелері бойынша мүдделері қорғалды



Бұл туралы Алматы облысы кәсіпкерлер палатасының сарапшысы Санат Түсіпов хабарлады. 2018 жылы салықтық қатнастар мәселелері бойынша 110-нан астам өтімім келіп түскен.

ДИАС БЕЙСЕНБЕК

Мәселен, «Я Лан Ган Су» жауапкершілігі шектүлі серіктестігінің өтімім он шешілді. Бұған дейін Мемлекеттік кірістер басқармасы компанияға 2017 жылға дейін 151,2 млн теңге сомасында кірістерді ұлғайту туралы хабарландыру жасап, оларды жасырып кірістер деп таныды.

Компания Алматы облысы кәсіпкерлер палатасына өтімім жасаған соң «Я Лан Ган Су» ЖШС бухгалтер мамандарымен бірлесіп, қажетті құжаттарды беру арқылы басқарманы жұмыс кездесуі ұйымдастырылды. Кездесу барысында 151,2 млн теңге – өнім өндірісін төмендету салдарынан пайда болған 2016 жыл және 2017 жылдың арасындағы салыстырмалы жылдық кіріс айырмашылығы екені



анықталды. Мемлекеттік кірістер басқармасы ЖШС берген құжаттарға және келтірілген дәйектерге тексеру жүргізіп, нәтижесінде хабарламаны алып тастау туралы қорытынды жасалды.

Сонымен қатар 2018 жылы Еңбекшіқазақ ауданында «Экстремал Спорт-туризм» ЖШС мен Жер

қатынастары бөлімі арасындағы дау шешілген болатын. Мемлекеттік орган жерге 17,3 млн теңге көлемінде салық салған. Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан болған қолдау, сондай-ақ бірлескен кездесулер, инвестициялық жобаны рәстайтын құжаттар беріліп, салық колдесі бойынша жеңілдіктер

көрсетілген соң тағайындаған салық алынып тасталды. Осылайша салынған соманы төлеу қажеттілігі жойылды.

Нәтижесінде 2018 жыл ішінде Өңірлік кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлердің салықтар бойынша мүддесін 65,6 млн теңге көлемінде қорғалды.

«Мемлекеттік кірістер департаменті «Атамекеннің» стратегиялық серіктестерінің бірі. Департаменттің бастылығы мен мамандарының белсенді аталысуын ерекше атап өткен жөн. Олар кәсіпкерлерге қол ұшын сузуға дайын әрі орын алған мәселені тез шешуге ынталы. Бірлескен түсіндіру жұмыстар Бухгалтерлер клубы және «Салық қызметкері сағаты» жобасы шеңберінде жүргізіледі», – депді ӨКП сарапшысы Санат Түсіпов.

Өткен жылы Алматы облысы Бухгалтерлер клубының 9 отырысы өтті, онда Мемлекеттік кірістер департаменті, Талдықорған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы және «Жетісу» автоматтандыру орталығының қатысуымен 30-дан астам мәселе қаралды.

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ



THE WORLD BANK

Дүниежүзілік банк мұнайға орташа бағананы төмендетті

Дүниежүзілік банк (ДБ) таяудағы екі жылға мұнайдың орташа бағасын болжамын бір барреліне 67 долларға дейін төмендетті. «Бұл желтоқсандық болжамнан 4 долларға төмен», деп хабарлайды өзінің www.worldbank.org сайтында банктің қаңтардағы «Әлемдік экономиканың келешегі» жөніндегі баяндамасында.



Желтоқсан айында ДБ таяудағы үш жылға мұнайдың орташа бағасын барреліне 71 доллар болады деп, маусымдағы баяндамасында – барреліне 69 доллар деп болжаған еді.

Желтоқсандағы ОПЕК+ кездесуінің қорытындысы бойынша барлық елдер үшін жиынтық түрінде 2019 жылдың қаңтарынан бастап жарты жыл бойына мұнай өндіруді түгелімен 1,2 миллионға қысқартуға шешім қабылданды. Оның ішінде 800 мың баррель мұнай, немесе өндіру деңгейінің 2,5%-ы ОПЕК елдерінің үлесі болса, 400 мыны (2%) – ОПЕК-ке кірмейтін елдер еңішінде. Елдердің басым көпшілігі үшін өндіруді қысқарту 2018 жылдың қазанынан бастап есептеледі, бұған Кувейт пен Әзірбайжан (олар қысқартуды күркірейткен бастады), сондай-ақ мұнай өндіру қысқартуды қарашадан бастап есептеген Қазақстан да кірмейді, делінген баяндамада.

Day.Az

«Әзірбайжан әуежолдары» (azal) Алматыға қатынайды

«Әзірбайжан әуежолдары» (AZAL) осы жылдың 2 сәуірінен бастап Баку-Алматы-Баку бағыты бойынша тұрақты ұшуларын іске қоспақшы, деп хабарлайды news.day.az сайтына.

AZAL сапарлары аптасына екі рет сейсенбі және сенбі күндері Airbus 319 ұшақтарымен эконом-, Comfort-Club и бизнес-класс түрлерінде орындалатын болады.

Бұл бағытпен билеттерді AZAL кассаларынан әуе компаниясының ресми агенттіктерінен және www.azal.az сайты арқылы кез-келген бағытта орынды брондап және сатып алуға болады.



Астаналық дизайнерді NASA қызметке шақырды

Дизайнер Арсен Сексенбаевтың жобасы ғарыштық зертхананы құру барысында негізге алынуы мүмкін, деп хабарлайды www.spitznik.ru сайтынан.

Онда жерде өсіп-өнген өсімдіктерді зерттеу жөніндегі ғарыштық зертхананы құру және жасауға NASA жариялаған байқаудың нәтижелері белгілі болғаны баяндалды.

Үміткерлер тандап алынғаннан кейін жеңімпаздар айқындалды. Аэронавтика және зерттеулер жөніндегі ұлттық басқармада жобалық негізде жұмыс істеу мүмкіндігіне ойындарға арналған анимациялар жасаушы кытайлық Ло Хон Вей, Ұлыбритания өкілі CGI-супервайзер Хью Тернер және қазақстандық интерьерлер дизайнері, өзінің Geometric style және үлгінің авторы Арсен Сексенбаев не болды, деп мәлімдеді сайттан Vastane.kz паблигине сілтеме жасап.

Батыр РАХМЕТУЛЛИН

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Өңір өрсі

Ақ мақталы арал

Мақтаарал ауданының негізгі экономикасын ауыл шаруашылығы құрайтыны белгілі. Өткен жылдың 11 айында жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 42 млрд теңгеге жеткен.

Оның ішінде өсімдік шаруашылығы 32,2 млрд теңге, мал шаруашылығы 9,6 млрд теңге, ауыл шаруашылық қызметі 278 млн теңгеге құрапты. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде брифинг өткізген Мақтаарал ауданының әкімі Бақыт Асанов мәлімдеді.

Оның айтуынша, өткен жыл ауыл шаруашылығы үшін қолайлы болды. Өйткені мақтааралдық шаруалар кез келген өнім түрінен жоғары нәтижелерге қол жеткізген. Мысалы, мақтааралдық диқандар 60 926,3 гектар жерге егістік ексе, оның 38 593,2 гектары мақта дақылна тиесілі. Аудан бойынша 96 511,6 тонна ақ алтын жиналып, орташа өнімділік 25 центнерді құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4 центнерге артық.

Сонымен қатар көпшілік кезеңі бойынша Еңбекші және Жанақол ауылдық округіне қарасты 8 мың гектар жерде тік дренажды ұңғымалары салу, коллекторлық жүйелер мен каналдары тазалау жұмыстары басталғаны туралы мәлімдеді. Сондай-ақ мақтааралдықтар күріш өсіруді де шебер меңгерген. Быыл 9 104,4 тонна күріш қамбаға жиналды.

Ауданда ұзындығы 1140,2 км 532 канал, ұзындығы 840,7 км құрайтын 288 су қашырғысы жұмыс істейді. Сондай-ақ жалпы саны 339 тік дренажды ұңғымалар бар. Сол сияқты егістік жерлердің құнарлығын арттыру үшін 40 мың гектар жер ПУИИД-2 бағдарламасына енген. Жобаның бірінші кезеңі бойынша Еңбекші және Жанақол ауылдық округіне қарасты 8 мың гектар жерде тік дренажды ұңғымалары салу, коллекторлық жүйелер мен каналдары тазалау жұмыстары басталғаны туралы мәлімдеді. Сондай-ақ мақтааралдықтар күріш өсіруді де шебер меңгерген. Быыл 9 104,4 тонна күріш қамбаға жиналды.

Биыл – жастар жылы

Әлеуметтік жобалар қолдау табады

Дүниежүзілік банк маңғыстаулық жастарға әлеуметтік жобаларын жүзеге асыру үшін 1 млн теңгеге дейін қаражат бөлетін болады. Бұл туралы Маңғыстау облыстық өңірлік коммуникациялар қызметінен мәлімдеді.

Жастар саясаты басқармасының басшысы Бауыржан Тұжықовтың айтуынша, Дүниежүзілік банк әлеуметтік жобаны іске асыруды көздеген жастарға 1 млн теңгеге дейін қаражат бөлемек. Олар өндіріс өнім сатылмай емес, балалар үйіне, аз қамтылған отбасыларға беріледі.

Сонымен қатар өңірде жастардың сапалы білім алуы үшін облыс әкімінің арнайы гранты бөлінді. «Серпін» бағдарламасы бойынша 600-700-ге жуық жасты оқуға тарту жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, барлық мектепте кәсіптік бағдарлау кабинеттері ашылатын болады. «Жасыл ел» бағдарламасымен жаз айларында жұмыспен қамтылатын жастар саны 1500-ге жеткізіледі.

Бақбылау

Зиянды заттар бар

Еліміз аумағына әкелінген азық-түлік өнімдерінің құрамында тыйым салынған және зиянды заттар анықталды.



Ауыл шаруашылығы министрлігі азық-түлік өнімдеріне мониторингтің зерттеу жүргізу қорытындылары бойынша, ресейлік және беларус өнімдерінің нормаларға бастапқы сәйкессіздігі анықталуына байланысты Ресейдің Агапов ауданынан әкелінген бройлер балапандарының етінен дайындалған рагуға мезофильді аэробты және факультативтік анаэробты микроағзалар санының көп болуы анықтан, күшейтілген зертханалық қадағалау режимін енгізді. Сол секілді ресейлік «Благояр» сауда белгісінің қатырылған бройлер балапандарының етінен жасалған қатырылған жармалы фабрикаттар, сорпа жиынтығынан патогендік микроағзалар, соның ішінде сальмонелла анықталған. Зертханалық зерттеу қорытындылары бойынша, Ресейдің Моршань Республикасында «Агрияский» өңдеу кешенінде шығарылатын өнімдерінің арасында В категориясында «Утренне» қатырылған шұжық өнімдерінен ішек таяқшасы тобының бактериялары анықталды. Ал Беларусь Республикасында «Дружба» құс фабрикасы ААҚ-да дайындалатын бройлер балапаны етінен патогендік микроағзалар, соның ішінде сальмонелла анықталған.

Ботағоз ОБДРЕЙКЫЗЫ

Ұлттық валютаға шолу



2019: Теңге бағамына болжам

> [1]

Алайда теңге бағамының АҚШ долларының жаһандық нығаюына түзетілуіне, тағы да «әлсіз» тентегінің рубльге қатысты әсері, ықпалын тигізбек. Осыған байланысты біздің ұлттық валютамыздың бағамы 2019 жылы бір АҚШ долларына 375 теңге деңгейінде болады деп болжаудамыз», – деп атап көрсетеді сарапшы.

2019 жылдың қантарынан сәуіріне шейін теңгенің 360 – 375 деңгейіне дейін нығаюын жокқа шығармаймыз, әйтсе де жылдың басқа калған бөлігінде ұлттық валюта бір АҚШ долларына шаққанда 370 – 375 деңгейіне дейін әлсіреуіне ұшырайтын болады. Біздің мұндай болжамдық мәндеріміз жоғарыда суреттеген макроэкономикалық жағдайларды жүзеге асырудан өрбиді, сондай-ақ РФ-қа қарсы америкалық ықпалшаралардың «жеңіл» сценарийі бойынша кенені де ескерілді», – деп есептейді Асан Құрманбек.

Халықаралық қаржылық IFC Markets компаниясының сарапшысы Дмитрий Лукашов 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында теңге бағамы тұрақты болады деп есептейді.

«Мен теңге бағамы 2019 жылдың бірінші жартысында тұрақтылық сақтайды және бір АҚШ долларына 370 теңге белгісіне таяу 3% деңгейін артық-кем толқитын болады. Қазақстанның келесі жылғы мемлекеттік бюджетіне де нақ осы валюталық бағам деңгейі жүктелгенін де атап өткен абзал», – деп есептейді Дмитрий Лукашов.

Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы (КҚК) Талдау орталығының сарапшысы Рамазан Досов қаржылық нарықтың кәсіби қатысушылары жалпы алғанда біртүрлі девальвациялық жағдайлардың күтілуі сакталды – АҚШ доллары 2019 жылы ұлттық валютамызға қатысты 3%-ға қымбаттап, қазіргі деңгейі бойынша 380,4 теңге деңгейінде тұрақтайды, деп атап көрсетеді.

«Сонымен бірге ұлттық валютамыздың айырбастау бағамының қалыптасуы бұрынғыдай ұлттық нарықтағы сұраныс пен ұсыныстардың теңгерімдігі жағдайында жүзеге аспақ. Оның үстіне, соңғы жылдар көрсетіп отырғандай, валюталық нарық қатысушыларының көңіл-күйлері көбінесе сыртқы өзгерістерге, әсіресе ресейлік рубль мен мұнай бағасына аса тәуелді. Осының айғағындай, қазақстандық сарапшылардың да, ұлттық валюта мен ресейлік рубльдің қатарлас бағыттағы қозғалысы 2019 жылы сакталатыны жайындағы болжамды аяқтатпай отыр», – дейді Рамазан Досов.

Сыртқы қатерлердің қатарында сарапшы АҚ үйін өкімшілігі тарапынан болатын сауда шектеулер/ықпалшараларды және әлемдік орталық банктердің (мәселен, ФРЖ және ЕОБ) монетарлық саясатын қатайтуды, оған қоса дамушы елдердің инвестициялаудың тартымдылығын төмендететін, жағымсыз келешекті атап айтты.

«Ішкі факторлар әсерлерінен еліміз экономикасының қазіргі жағдайын және орталық банктің ақша-кредит саясатын (АКС) атап көрсете аламыз. Қазақстан бойынша соңғы экономикалық мәліметтер айтарлықтай жағымды: ЖІӨ өсімінің біркелкі тұрақтылығы байқалады, ағымдағы операциялар шотының тапшылығы қысқаруда, тікелей шетелдік инвестициялар артып келеді, сауда теңгерімінің профициті өсуде, ал сыртқы қарыздар бойынша 2019 жылғы төлемдер 2018 жылмен салыстырғанда азырақ төмен болады. Сонымен қатар, қаржылық реттеушінің соңғы шаралары нарықтағы жағдай нашарлайтын-дай болса, ұлттық валютаға қолдау көрсетіп, шұғыл өзгерістер енгізуге даяр», – дейді сарапшы.

«DAMU Capital Management» ЖШС бас директоры Мурат Кастаевтың айтуынша, теңге бағамының серпіні еліміздегі макроэкономикалық көрсеткіштерімен және сыртқы жағдайлардың өзгеруімен қамтамасыз етілмек. Мұны қадағалаудың түйінді көрсеткіштері бұрынғыдай – мұнай бағалары, ресейлік рубльдің бағамы, төлем теңгерімінің жағдайы.

Алғашқы екі көрсеткішке, оның айтуынша, геосаяси жағдай – мұнайға сұраныс пен ұсыныстың ара-қатынасы, Иран төңірегіндегі жағдай, әлемдік экономикалық өсімінің баяулау мүмкіндігі, Ресейге қатысты ықпалшаралар – әсерін тигізбек.

«Факторлар өте көп және олардың бір-біріне әсерін екі жүзінде болжап-білу мүмкін емес. Ағымдағы күн жағдайы бойынша, «осы кезге» демекші, теңгенің 2019-шы жылға орташа бағамына біз – жыл бойына 350-ден 400 теңгеге дейінгі кең дәлдіздегі құбылушылығымен – Қазақстан үкіметінің кепілдендіруімен бекітілген, яғни 1 АҚШ долларына 370 теңге деңгейінде болады деп күтулеміз. Біз ағымдағы бағамды бұрынғыдай асыра бағаланған және 5 – 7% (15 – 20 теңге) нығайтуға әлеуеті жеткілікті деп есептейміз», – деп есептейді Мурат Кастаев.

«Еуразиялық Капитал» АҚ талдаушысы Әли Сағындықов, өз мұнайға бағалар нығаятын болса, жылдың алғашқы жартысында бағам бір долларға 375 – 380 теңге аумағында құбылады», деп атап көрсетті.

«Егерде Brent маркасының бір баррельге бағасы кыстың аяғына дейін 60 доллардан жоғары деңгейге оралмаса, рубль сияқты, теңгенің де, күштірек әлсіреуін күте аламыз», – дейді талдаушы.

«Теңгенің бағамына, ең алдымен, 2018-ші жыл көрсеткішіне, әзірше ресейлік рубль бағамына

байымделген – Ұлттық банк саясаты әсері етеді. Сондай-ақ мұнайға бағалар үлкен рөл атқармақ. Мұнайға сұраныстан ұсыныстардың артуына Таяу Шығыс аймағындағы жағдайдың шиеленісуі әсер етуі мүмкін, нарыққа қатысушылардың негізгі назары АҚШ пен Иранның қарым-қатынасына тоғысады», – деп атап көрсетті Ә.Сағындықов.

«Альпари» компаниясының Талдау департаменті директорының орынбасары Наталья Мильчакова теңге бағамының доллар мен еуроға қуысыздануы бірінші жартыжылдықта айтарлықтай кең көлемде өрбиді, деп есептейді.

«Мен доллар/теңге жұбының ауқымды бір долларға 360-400 теңге, еуро/теңге жұбын – бір еуроға 400-460 теңге шегінде болады деп болжаймын. Теңге бағамына 2019 жылы әсер ететін басты фактор – мұнай бағаларының серпіні», – дейді Н.Мильчакова.

«Альпари» бағалауы бойынша мұнай өсі жыл бойы қарама-қайшы факторлардың (АҚШ-та қатпарлы мұнай өндіру көлемінің өсуі) әсерінен бір баррельіне \$50-80 көлемінде құбылуы мүмкін, яғни, мұнаймен бірге «мұнай» валютасы да күрт құбылаларға душар болады. «Басқа бір фактор – бұл америкалық доллар, ол АҚШ-та пайдалық мөлшерлемелердің көтерілуіне қарай өседі де, ал доллардың бекуі дамушы елдердің валюталары, соның ішінде теңгенің де, әлсіреуін қарғататын болады. Ресейге қарсы жана қатпарлы шаралар, РФ экономикасының жағдайына ықпал етіп, теңге бағамының әлсіреуге қарай ойысуына әсерін тигізеді. Алайда, АҚШ санкцияларының ресейлік мемлекеттік қарыздарға немесе мемлекеттік банктерге доллармен операцияларына жайлы ықпалындағы мейлінше аз», – деп есептейді талдаушы.

Айта кету керек, 2018 жылдың бірінші күні теңге бір долларға шаққанда 332,33 теңгеге құрап, соның ұлттық валюта нығая түсті және наурыздың соңында тіпті өзінің жыл бойы максимумына жетіп – бір долларға 318,31 теңге болған еді, күркіректің алғашқы онкүндігінің теңге бағамы әлсірей берді және 11 тамызда бір долларға 380,93 теңгеге шекті құлдырды да. Өйтсе де одан өрі нығаюға бет бұрғаным, желтоқсанның соңғы күндері бір долларына 384 теңгеден асып жығылып, айды аспанға бір ақ шығарды. Быыл қалай болар екен?

Газетімізді үзбей қадағаласаныңда – бұл сұрақтың жауабын міндетті түрде өздеріңізбен үзбей бөлісіп отырамыз, ардақты оқырман қауым.

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

↳ БЕЙНЕУ-БОЗОЙ-ШЫМКЕНТ

Көгілдір отын мәселесі шешілді

«Түркістан» компрессорлық станциясы жұмысын бастады

> [1]

«Түркістан» жоғары технологиялық компрессорлық станциясы Түркістан мен Қызылорда облыстарының аумағында Бейнеу-Бозой-Шымкент газ магистралінің бойында биыл «КазТрансГаз» АҚ салған компрессорлық станциялардың бірі болып табылады. Осының алдында, Тұңғыш Президент күні қарсаңында ұлттық газ операторы «Арал» КС-ын іске қосқан болатын.

«Түркістан» станциясының құрылысы Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырының жылдық өткізу қабілетін жылына 15 млрд текше метрге дейін арттыру жөніндегі инвестициялық жоба аясында іске асырылды. Жаңа станция салу газ және газбен жабдықтау саласындағы жыл сайын өсіп отырған қажеттіліктерді өтеу үшін, әсіресе жылыту кезеңінде ең көп жүктеме түсетін уақытта еліміздің оңтүстік өңірлеріне газды тоқтаусыз тасымалдауды қамтамасыз ету үшін өзекті еді. Енді аймақтың экономикалық дамуына елеулі үлес қосатын су және жылу қатарға қосылды. Станцияны іске қосу салтанатты рәсімінде Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев бұл оқиғаның өңір үшін экономикалық тұрғыдан да, әлеуметтік жағынан да өте маңызды екендігін атап өтті. Түркістан облысы жылына 2,3-3 млрд текше метр газ тұтынады. Осы нысанның іске қосылуымен өңірді көгілдір отынмен қамтамасыз ету мәселесі толығымен шешілді. Озық технологияны жабдықталған инновациялық нысанның пайдалануға берілуі жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік берді.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ бас директоры Валентин Хван КазТрансГаз ұш компрессорлық станция құрылысын аз уақыт ішінде аяқтап, іске қосқандығын атап өтті. Бұл станциялар елімізді энергетикалық газбен қамтамасыз етіп, бұрын мемлекетімізді газбен қамту мәселесінде көрші елдерге тәуелді еткен мұқтаждықты толықтай



тоқтатып отыр. Осылайша Мемлекет басшысының елімізді энергетикалық газ саласының қауіпсіздігін толықтай қамтамасыз ету туралы тапсырмасы рет-ретімен орындалуда. Бұл бағытта «КазТрансГаз» АҚ соңғы 3-4 жыл ішінде газ саласындағы ішкі және сыртқы экспорт тасымалы бойынша көптеген ірі желілерді іске асырды.

Жаңа станциялардың жұмысы газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық операторға жыл сайын өсіп отырған қажеттіліктерді жабу үшін, әсіресе жылыту кезеңіндегі ең көп жүктеме кезінде Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне газды ірілісіз тасымалдау процесінің барынша сенімділігін қамтамасыз ету үшін қажет. Бүгінгі таңда республиканың оңтүстігінде көгілдір отынға деген қажеттілігі шамамен жылына 5 млрд текше метр газды құрайды. Бұған қоса, Орталық Азия-Қытай трансазиялық магистральді газ құбырына берілетін көлемдері айтарлықтай өседі, ол өз кезегінде

Қытайға қазақстандық газды экспорттау көлемін арттыруға ықпал етеді. Еске сала кетсек, өткен жылдың қазан айында отандық газды Қытайға экспорттауды екі есеге арттыру туралы келісімшартқа қол қойылған болатын. Соңында Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырының өткізу қабілеті жылына 10 млрд текше метрден жылына 15 млрд текше метрге дейін артады. Осы арқылы республиканың оңтүстігін 3 млрд текше метр көлеміндегі көгілдір отынға деген қажеттілігі өтеледі, 10 миллиард текше метр газ экспортқа бағытталады.

Компрессорлық станцияларды салу кезінде пайдаланылған инновациялық жабдық, сондай-ақ көмеқші жүйелер кешені, магистральді газ құбырын пайдаланудың бүкіл кезеңінде қауіпсіз әрі технологиялық тұрғыдан ірілісіз тасымалдауды қамтамасыз ете алады. Бұл инфрақұрылымның жаңа объектілері магистральді газ құбыры өтетін аудандарда тұратын

қазақстандықтарды жұмыспен қамту проблемасын шешуге көмектеседі. Іске қосылатын компрессорлық станциялар басқа да газ тасымалдау объектілері сияқты, оңтүстік өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуда маңызды рөлге ие болаық.

Сөз қорытындысында «Каз-МұнайГаз» ҰК АҚ-ның құрамына кіретін «КазТрансГаз» АҚ мемлекеттің мүддесін отандық және шетелдік газ нарығында да білдіретін Қазақстанның негізгі газ энергетикалық және газ тасымалдау компаниясы екендігін айта кетейік. Компания магистральді газ құбырлары мен газ тарату желілері бойынша тауарлық газды тасымалдау жөніндегі орталықтандырылған инфрақұрылымды басқарады. Сонымен қатар ол халықаралық транзитті қамтамасыз етіп, ішкі және сыртқы нарықтарда газ сатумен айналысады, құбырлар мен газ сактау қоймаларын дайындауды, қаржыландыруды, салуды және пайдалануды жүзеге асырады.

↳ ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

ҚПО отандық өнімге ден қоюда

Кен орнына болат конструкциялардың алғашқы легі жетті

Компания Қарашығанақ кен орнына өз елімізде өндірілген металл конструкциясының алғашқы легі жеткізілгенін хабарлады. Темір конструкциялары Карасай ауданындағы PSI Engineering group машина құрастыру зауытында газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау жобасы үшін дайындалды. Енді зауыт жоба үшін айына 300 тоннаға жуық көлемде темір конструкциясын жеткізуді жалғастырады.

БОТАӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Алматы облысында орналасқан Карасай машина құрастыру зауыты халықаралық стандарттарға сай жобаланып, құрастырылған.

Заманауи құрылғылармен жабдықталған кәсіпорын өндірілген өнімнің, соның ішінде мұнай-газ секторындағы ірі жобалар бойынша тапсырыстардың жоғары сапасын қамтамасыз ететіні сөзсіз. Сондықтан бытыр жазда өткен тендерде ҚПО PSI Engineering зауытына 2217 тонна металл конструкциясын жасау үшін алғашқы ірі келісімшартты тапсыраған болатын. Бұдан бөлек, PSI Engineering компаниясы газ



бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау жобасы аясында Қазақстанда 5 модульді қосалқы станциялар құрастыру үшін Schneider Electric компаниясынан да ірі тапсырыс алды.

— Бүгінде біз Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг жоғары сапалы өнімді дайындауды сеніп тапсырған Алматы облысындағы заманауи отандық машина жасау зауытының нақты жұмысының нәтижесін көріп отырмыз. Металл

конструкциясын тасымалдауда қауіпсіз көлік түрі болғандықтан тауарды темір жол арқылы тасымалдау өте маңызды, — деп ҚПО өндірістік жобасына шектеулерді алып тастау менеджері Марко Ломбарди.

Жоғары деңгейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен қоршаған ортаға әсерді барынша төмендету мақсатында темір жол көлігін пайдалану есебінен тәуекелдері бақылау ҚПО саясатының жақсы

үлгісі екендігі сөзсіз. Бұл ретте компания автомобильді пайдаланумен байланысты болатын тәуекелдерді төмендетуге баса назар аударып отыр. Газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау жобасы шеңберіндегі құрылыс барысында тасымалды темір жол жүк көлігімен қауіпсіз ұйымдастыру мен жоюларға ҚПО-ның жол-көлік оқиғаларын барынша төмендету бойынша стратегиялық мақсаттарына сай келеді. Мәселен, жалпы көлемі 2217 тонна металл конструкциясын Алматы облысынан Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнына темір жол арқылы жеткізу 150 жүк автокөлігін қажет етсе, әрбір жүк көлігіне 5 800 км арақашықтықты жүріп өту керек екен.

Карасайдан Қарашығанаққа жеткен болат конструкциялар отандық компанияларды халықаралық талаптарға сай жаңа тауарлар мен қызметтерді шығару мен игеруге ынталандыра түсетіні айқын. Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінің өндірістік газ бойынша шектеулерді алып тастау жобасы үшін 2 мың тонна металл конструкциясына тапсырыс зауытты жыл бойы жұмыспен қамтамасыз етеді.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

► ӘРІПТЕСТІК

БІЛІМ МЕН ЭКОНОМИКАНЫҢ ЛОКОМОТИВИ

Білім беруге экономиканың жеке саласы ретінде көңіл бөлу — Президент Жолдауында қозғалған маңызды мәселелердің бірі. Осы ретте «Самұрық-Қазына» ҰҰҚ» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен Назарбаев Университетінің президенті Шигео Катсудің кездесуі барысында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Негізгі мақсат — экономика салаларын цифрландыру, адам капиталын дамыту және инновациялық экожүйені құруда — өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту. Ғылыми жобаларды бірлесіп жүзеге асыру, сондай-ақ университеттің студенттері мен түлектеріне тағайымдамаларды ұйымдастыру Кор мен университеттің өзара ынтымақтастығы болып табылады.

— Біздің көмегіміз маңызды, өйткені Назарбаев Университеті мен «Самұрық-Қазына» Қазақстанның білім және экономика локомотиві ретінде танылады, — деп «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов. «Самұрық-Қазына» АҚ мен «Назарбаев Университеті» арасында жасалған келісім Кордың компаниялар тобының қарар саясатын қолдауға және үздік жас мамандарды іріктеп алу арқылы дамытуға бағытталған.

► ОТЫН

«БОГАТЫРЬ КӨМІР» РЕКОРДТЫҚ КӨМІР ЖӨНЕЛІТТІ

Екібастұлағы «Богатырь Көмір» ЖШС-де кеніштерден көмірдің соңғы 10 жыл ішіндегі рекордтық көлемі өндіріліп, тұтынушыларға жіберілді.

Жыл соңына қарай кеніштер 45 миллион тоннаға жуық көмір жөнелтті, бұл кәсіпорынның өндірістік қуатынан асып түсті. Осылайша, жылдық жоспар — 41,30 миллион тонна желтоқсаннан басында-ақ орындалды.

Қазақстанның энергия жүйелерінің көмірді тұтынуы күрт өсіп, «ГРЭС Топар» ЖШС-ға, «Павлодарэнерго» АҚ-ның Павлодар ЖЭО-2 мен 3-ке жоспардан тыс көмір жөнелтілуі және коммуналдық-тұрмыстық мұқтажды өтеуге көмірдің көп тиелуі оның биыл өндіру және сату көлемінің ұлғаюуына себеп болған.

«Богатырь Көмір» кеніштерінен алынатын көмір Қазақстан мен Ресейдің электр және жылу станцияларында отын ретінде, сондай-ақ коммуналдық-тұрмыстық мұқтажды өтеуге пайдаланылады. Оның негізгі пайдаланушылары — «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және Рефтинск ГРЭС болса, оларға жөнелтілетін көмірдің үлесі 45%-тен асады.

Еске алсақ, серіктестіктің «Самұрық-Энерго» АҚ мен ресейлік «РусАл» БК тен негізге басқарады. Компания Қазақстанның Павлодар облысындағы «Богатырь» және «Северный» кеніштерінде көмірді ашық ашып өндіреді. Серіктестіктің баланстық қоры 2,75 миллиард тоннаға құрайды. Аз кәсіпорынның өндірістік қуаты — жылына 42 миллион тонна көмір өндіру, соның ішінде «Богатырь» кеніші бойынша — 32 миллион тонна, «Северный» кеніші бойынша — 10 миллион тонна.

► ҚАЗПОШТА

СӘЛЕМДЕМЕ АШЫҚ КҮЙІНДЕ ҚАБЫЛДАНАДЫ

1 қаңтардан бастап Қазпошта жеке тұлғалардан барлық сәлемдеме мен хаттарды ашық күйінде қабылдайды.



Тіркелмейтін хаттарды қоспағанда, жеке тұлғалар жіберетін барлық тіркелініп пошта жөнелтілімі «Пошта туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 2-тармағына сәйкес ашық күйінде қабылданады. Қазпошта апаратына қарағанда, заңды тұлғалардың хат-хабарлары бұрынғыша ашық және жабық күйінде қабылданады.

Барлық тапсырыс хат, бандероль және құндылығы жарияланған хат, сондай-ақ сәлемдемені пошта байланысы бөлiмшесiне ашық күйiнде өкеледi. Бұл ретте, пошта операторы пошта жөнелтiлiмдерiн қабылдағанда, жөнелтiлуiнi сәйкестендiруi және оның деректерiн тiркеуi керек.

Сонымен қатар жөнелтуге тыйым салынған заттардың заманын үшін сәлемдемемені тексерудің мүмкін болмауына байланысты поштамат арқылы пошта жөнелтілiмдерiн қабылдау тоқтатылады. Поштамат арқылы берiлген пошта жөнелтiлiмдерiн қабылдау пошта байланысы бөлiмшесi арқылы жүзеге асырылады.

Қабылданған шаралар пошта тұтынушылары мен оның қызметкерлерінің денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет.

Ботәз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Заманауи үрдістерге үн қосып...

Жыл сайын, тіпті ай сайын да емес, апшысы қуырлалған апта өтпей жатып-ақ, ғылым мен техника жаныалықтарына қарқынды қайтама жұртты құйғұрқы қозғалыстарымен тәтті етегің хай-тек, яғни инженерлік ой мен ғылымның тығыз тоғусынан туындаған соны үдерістер қаланың да, даланың тыныс-тіршілігін түбетейлі әжгірті десек, ақиқаттан онша алыстамайтын шығармыз. Жұмысбасты жандардың пәтерін тап-тұйнақтай жинастырып, тіпті көкжәсіне дейін пісіріп қойған «ақылды» құрылғылар, өгінді өзі сөйіп, өзі орып өрі бастырып беретін, ол азық қылғандай диканнинг еш араласуынсыз қамбаға өзі құртқан «сауатты» қойбайлар сен тұр, мен атайын дегендей, әлдекей жалуаңда...

Көп жағынан алғанда бұлардың бәрі дерлік ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың соңғы шірек ғасырда қарыштап дамуының арқасында мүмкін болды. Қазіргі заман – цифрландыру заманы, сондықтан да ілгері озған уақыттан кеңге қалмау үшін «Цифрлы Қазақстан» атты соны бағдарлама өмірге келіп, ол елімізді индустриализациядан кешенді жоспарын толықтыра түсті. Балапанды күздел, ал қаржы мен техниканы қыста санайтын шаруақор жұрт соңғы жылдары қарбалас желтоқсан айында индустриализация күнін өткізіп келеді. Біз мұны заманауи үрдістерге үн қосуды есіміз. Өңірлердегі жағымды жаңалықтарды телекөрініс арқылы айдай әлемге паш еткен биылғы ақпалы жылына Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі қатысып, бұл шараға «Индустриализацияның екінші бесжылдығы: Қазақстанда жасалған» деген ат қойылып, айдар тағылды. Кешенді жоспар қолға алынғандан бері кезінде толайым табыстарға қол жеткені ауыз толтыра айтылды. Буқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген дерек пен дәйектерге қарағанда, индустриализация жоспары жүзеге асырылған жылдары барлығы 6,6 трн теңгеден астам сомамен 1 148 жұмыс іске асып, 107 мың тұрақты жұмыс орны ашылған екен. 2010-2014 жылдар аралығын қамтыған бірінші бесжылдықта индустриализация қаржысы аясында 3 трн теңгенің 770 жоғалып іске қосылды, 76 мың тұрақты адам жұмысқа іске қосылды. Сондай-ақ индустриализацияның екінші бесжылдығы басталғалы 3,1 трн теңгенің 378 жоғалып іске асып, 31 мың тұрақты жұмыс орны құрылған. Үстемділігі 2018 жылы жалпы сомасы шамамен 1,2 трн теңгелік 100 мың адам қосылды, 13 млн адам жұмыспен қамтамасыз етіліп отыр. Елімізде индустриализация кезіндегі 1250 жаңа кәсіпорын бой көтеріп, соның ішінде 100 кәсіпорын биыл іске кіріскен, мұның арқасында 300 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылған. Ресми деректерге сүйенсек, бүгінде еліміздің 110 елі Қазақстанда шығарылған өнімді тұтынатын отыр екен. Кейінгі жылдар белгіленген бағам дейін белгі жасалған бұйымдардың 500-ден астам түрін шығарылып, 50-ге жуық жаңа тауар түрі шет елдерге жіберіле бастаған.

Осы ретте өңірлерді жедел дамытуға мүмкіндік беретін заманауи өндірістер құруға баса назар аударылып отырғанын айта кетейік керек. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысындағы «Вакуумдық тұз-көмір өндіру кәсіпорнына» және Қарағанды облысының қатодты мыс өндіретін «Алматы» кен орнындағы «Sary-Arka Corrosion Processing» кәсіпорнына үлкен сенім артылды. Сондай-ақ Павлодар облысында «Промкомплект» темір жол донаторларын өндіретін кәсіпорын іске қосылған. Шымкенттегі қуаты 110-220 кв трансформатор шығаратын «Asia Trafo» зауыты, Қызылорда облысындағы қуаты жылына 1 млн тонна болатын «Гезбуа Шилей Цемент» Қазақстан-Қытай инвестициялық жобасы, Алматыдағы қуаты жылына 550 мың тонна тұрмыстық қоқыс өңдейтін «Green Recycle» ЖШС кешені және Петропавлдағы халық тұтынатын тауарлар мен полимерлерді толық циклда қайта өңдейтін «Радуга» ЖШС металл-пластикалық бұйымдар зауыты заман талабына сай жабықталған. Ақтөбе облысында қуаты 300 млн м3 болатын Қожаай кен орнында «Gas Processing Company» ЖШС істеме мұнай газын қайта өңдеу жобасы, ЖШС Жамбыл облысында қуаты 100 МВт болатын Қазақстан-Британ бірлескен жобасы «Бурно» күн электр стансасы пайдалануға берілді. Атырау облысындағы «Карт» ЖШС атомдандырылған дүрмені, Ақмола облысында жылына 50 000 тонна өт өндіретін Мақинка қуа фабрикасының бірінші кезеңі, сондай-ақ Арқалық қаласындағы өт өндіретін «Торрай Ет» кешені жұмысқа кірісті. Тамақ өнеркәсібі саласында Maveen Food Holdings трансұлттық холдингінің Алматы облысындағы үнділ жер өндіретін және тамақ өнімдерін дайындайтын зауыты қатарға қосылды. Түркістан облысында түпе мен бие сүтін өндіретін «Golden Camel Group LTD» кәсіпорны ашылды, онда құрғақ сүт, балалар тағамы және энергетикалық сусындар шығарылады. «KEGOC» акционерлік қоғамы «Семей – Ақтоғай – Талдықорған – Алматы» Солтүстік – Шығыс – Оңтүстік» жобасының екінші кезеңіне іске қосты, онда 500 кв жана үш қосалқы станса мен 1770 шақырым электр желісі құрылған. Цифрландыру бағдарламасы аяқталмаған Екібаева Ортаалық Азиядағы ең ірі дора-орталық, Қостанайда цифрлы дүрмен кешені – «Бест Костанай» кәсіпорны іске қосылды. Астанада автоматты цифрлы телефон стансасын, модель және коммутатор шығаратын «DigitalSystemService» зауыты, Алматыда заманауи қондырғылар жасайтын инновациялық «Kaz Tech Innovations» кәсіпорны пайдалануға берілді. Логистика саласында e-Freight және «Казпаштоп» компаниясының фулфилмент-орталық – қағазсыз құжат аяқталмай ақпараттық жүзесі, «KazTransOil» мұнай тасымалдау бөлімшесі іске қосылды. Осынау жаңалықтар арқылы егемен еліміздің жарқын болашағының іргетасы қаланып жатыр десек, артық айтпаспыз.

НАРЫҚҚА ШОЛУ

Еуропа: Сату мәдениетінен үйренеріміз көп

Міне, тағы бір жылды артқа тастап, 21-ші ғасырдың 19-ші жылына да аяқ бастық. Әдеттегідей, мерекелер басталмастан көптеген қазақстандықтар басын ауыратын мәселе – бағалар шарықтап шыға келді. Шенеуіктер жауабы дайын: нарық заны осындай деп құтылады. Ал Еуропада керісінше, Жаңа жылдық әуре-сарсаң бағалардың фантастикалық төмендеуі жағдайында өрбиді. Таңқаларлығы: тауарларға бағалардың күрт төмендеуі олар «нарық заны» осындай деп түсіндіреді. Неге аталмыш аң олар мен бізде түрліше жұмыс істейді?

ИСА ҚАМБАР

Жаппай сатуларды күтіп жүрісіз бе? Яғни, сіз шыр бітпеген келедісіз, сосын-ақ барар мекеніңіз – секунд-нах дүкені. Біздегілер осылай ойлайды.

Шегеріммен сатып алысаы ба – демек, сіз, анық келеді емессіз, үнемді болғаныңыз. Батыстағылар осылай ойлайды. Екі әлем – екі кассир: бірі арзандалатын тауарға жармасқан сатып алушыға жеккөрінішпен көз тастаса, екіншісі күрметпен жымияп, сыйлық картасын ұсынады. Еуропадағы шегерімдер (жеңілдіктер) – жыл бойғы, шикді және бәрі үшін де дағдыла көрініс. Әрбір ірі дүкендерде күн сайын, сондай-ақ мемнидалап шақырып тұратын түрліше ақциялар өткізіледі.

Бірақ бағалардың нағыз құлдырауы, өрине, Жаңа жылдың алдында орын алады. Жүгенсіз тұтынушылық қараша айындағы – америкалықтарға ұқсас, қазір бүкіл әлемде етек жайған – сол бір «қара жұмалаң» басталады. Сонымен қатар көптеген кәсіпкерлер сол жұма күнін бірнеше апталарды кейін созып, өтпей жатқан барлық нәрселерінен құтылып үлгеріп жатады.

Саудагерлер түсімдерін есептеп үлгермей жатып, ал сатып алушылар – қарашадағы тегін дерліктегі «батпан құйрықтары» өздеріне келе алмай жатқанда, енді кезекті, бұл жолы бағалардың жанжалдық – өнеркәсіптік тауарларға да, азық-түлікке де – төмендеу толқыны кеп соғалды. Қыяр-қызынақтар Батыс елдерінде мейрамдар алдында қымбаттамайды, қайта керісінше – айтарлықтай арзандайды. Сауда компаниялары сатып алушылары үшін, жан алып, жан берісуге даяр. Бөсекелестерін тіртіп өту үшін кейбіреулерді «ірі ақылға қонбайтындай» әрекеттерге баралы. Сондай қамалдардың бір туралы Шығыс Еуропада көкісіз жеткізумен айналысатын бір кәсіпкер былай өңімелейді:




«Белгілі супермаркеттер жүісі бізден бір келісіне 1 евро төлеп, алма сатып алды, ал өз сөрелеріне оларды 60 проценттен қойыпты. Мен өнімдерімді қасында тіркелген бағалықтарды көріп, өз көзіме сенбедім. Сосын сауда залына көз салдым: онда адамдар лық толған, көзділігі біздің қоғамдық көліктердегідей нық тіресе кезекте тұрды олар. Және рәзнендерінде тек алма ғана емес, басқа да – өсте арзандалатын емес азық-түліктер де онда жайғасқан. Бұл жерде мынадай стратегия өз жемісін беруде: супермаркет кезең-кезеңмен бір сәт әлдебір тауарды сатып алу бағасынан төмендетіп ұсынады, міне сонда да халық оларға, жол бойы басқа да өнімдерді іліп ала кетіп, жапыр-лай ұмтылады. Бөсекелестер бармақ тістеп, жеңілгендерін мойындауға мәжбүр.

Кім-кешек өндірілушілер де дәл осылай жасайды. Жаппай сатылымдар – сәнді брендтерді саудалудың қуаты қозғалуы күші. Бағалар төмендетуші компаниялар ешқашан да табыссыз қалмайды: өз шығындарын олар маусымның бастапқы бағамын сатқан кезінде қайтарып алған болатын. Яғни, кейбір сәнді топтамалардың ішіндегі жаңа күмірлерді сатып алушылардың алғашқы 30%-ы тауарды сатып алуға жұмсалған барлық шығындары – көпкірек кеткен, келендік тазартуға жұмсалған, аренда төлеуге бөлінгендері, онан басқаларын да жауап тастайды. Бұлардан кейінгі клиенттерден түсетін ақшалар – сатушылардың таза табыстары.

Әйтсе де кейбір тауарлар нашар өтеді. Нақ осылар – жаппай сатылымға ұсынылатын алғашқы қандилаттар. Шегерім-жеңілдіктер кейде тіпті 90%-ға дейін жеткі жығалды. Әдемі спорттық майыны бір евроға немесе джинсыны бес евроға суропалық молдаларға сатып алуын еш қиындығы жоқ – әсіресе ауда үшін нәтижесіз маусым саналатын қантар айында бұл әбден мүмкін. Осы кезеңде тіпті люкс дүңгіршектердің өзінде бағалар өрескел құлдырап жатады.

Жаппай сатылымдар мен ақциялар сатушыларға өздерінде қордаланып қалған тауарларынан тезірек құтылып, жаңа топтамалар үшін орин босатуға және сәнді маркаға бейлікті ұлғайтуға мүмкіндік жасайды. Мұндай бейілдікке сатып алушылар оларды аса сүйіспеншілікпен пайдаланатын жеңілдік карталарымен, сыйлық купондарымен және қинақтаушы кредиттік карталарымен қолдау көрсетіледі.

Ал бізде ше? Бізде де дүкендердің сөрелерінде жайнап тұрған плакаттар жарияланғандай, мейрамнан кейінгі жеңілдіктер бар. «70%-ға дейін жеңілдіктер» деп шақырған хабарландыруға елтіген сатушылар мұнда қуана жүгіреді. Келсе, шындығында да 70%-дық жеңілдік бар екен – ол уақыты өтіп кеткен жетімсіреп тұрған бір жұп шұлыққа ғана қатысты болып шығады. Қалғандарына шауып шыққанда 5-10% ғана жеңілдіктер қарастырылған.



Кәсіпкерлердің пікірінше, бәрі де адал. Алайда, сатып алушыға мұндай шопингтен кейін, өзін аздап қосқандай күй кешуден басқа шарасы қалмайды. Әдетте, кейбір кәсіпкерлер өздерінің пайдалануға емес үдерістерін жасырмайды десе де болады. Мұны бірінші үстіне бір жапсырылған бірнеше бағаламаларды көріп, өткізетіндері жеңіл текерістер еңілік байқап аласыз. Ал бұндай зерттеулеріңізден сон тауар бағасы «өтендеуден» бұрын әжептәуір жоғары болғанын көресіз. Сосын барып қана аздап түскен екен.

Жекелеген отандық кәсіпкерлермен нақ осы баға белгілеуі хакында тілдескенімді айтқым келеді. Мұндай кезде олар еш қиналмай жұмыс жасау үшін жоғарыдағы лауазымдыларға, қайсысына қанша «апарып» бергені жайлы жыр ғып айта бастайды.

Әдетте, олар біздің де бала-шағамыз бар, олар да жақсы тамақ ішкілері келеді дейді, ең асыл армандарын да жасырмай: аз ғана уақыт аралығында, неғұрлым мол ақша тауып, азығанды ақшамен сыйқын киініп, аспаннан төгіп тамақ жауып тұратын әлдебір арал асып кетуіді ансайтынын айтады. Және де нақ сол аялаған армандарды кәсіпкерлерге қытайлық төменқолды тауарларын үш есе қымбатына сатуға мәжбүрлейді-мыс, ал бұл жаңа еш қайшы емес. Екін нарқық, біліңізді келсе, дәуірде өмір сүріп жатырмыз.

Ал, Батыста да нарық өңін жағдайда емес пе? Әйтсе де ондағы жағдай өзгеше. Сонда қалай, ондағы саудагерлер жаппай ақпелілі, адал ниеттілер ме? Олай емес. Ерік берсе, олар да бағаларды ақылға қонамысыз ұшырып жіберер еді. Тек оларға мұндай мүмкіндікті кім берсін? Тұтынушылар құқығын қорғайтын қоғамдар Еуропада қатан жұмыс жасайды. Мемлекеттік жүйелер де шектен шыққандарға аяусыз жаза қолданады. Іскерлерді адал ретсіз баға көтергендерін үшін және тұтынушыларды алдап-арбағаны үшін қатан жазалайды.

Ең алдымен, оларды тұтынушылардың өзі жазасын береді. Дүкендерге бармай, ондайлармен сауда жасамай, дилкелерін құртады. Бір алданған сауда орнына олар екінші рет аяқ баспайды.

Біздің сатып алушылар, өрине, жаза көргендер күйінде көп аса «керкініс» алмайды. Отандық нарығымызда, Батыстағыдай емес, бөсекелестік аса дами қоймаған. Ондай-дүкендер болмаса ғана. Айта кетейік, соның кезіңі біздің отандастарымыз интернет-шопингтен айналыса бастады. Бұл әсіресе дүкендерде қытайлық тауарларды асыра бағаммен саудалаушылар үшін қауіпті жаңалық. «АлиЭкспресспен» баға тұрғысынан олар бәсекеге түсе алмасын анық.

Оның үстіне тауа уақытта онлайн-шоптар арқылы енді азық-түлік те сатып алу мүмкіндік тұмақшы. Мәселен, Ресейде көптеген ауыл шаруашылығы фермерлері өздерінің өтпелі өнімдерін сатуға шығарып отыр. Біздің де ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлердің көршілеріміздің тәжірибесін пайдалануға әбден болады ғой. Ал, «Отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілеріміздің сатуға шығару тауарлары бар ма?» деген сауал, бұл – басқа өнгей. Оған кейінірек кенірек тоқталамыз.

СЫРТҚЫ ФАКТОР

2018 жылғы 29 желтоқсан – 2019 жылғы 4 қаңтар аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

4 қантардағы сауда-саттық қорытындылары бойынша төтенгі нарықтық бағамы бір АҚШ доллары үшін бір атта ішінде 1,6%-ға нығайтып (384,2-тен), 378,12 теңге деңгейіне қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарықта 2018 жылғы 29 желтоқсанның 2019 жылғы 4 қантар аралығында маңызды оқиғалар желтоқсанда Қытайға және АҚШ-тағы іскері белсенділігін төмендету туралы статистиканы жария ету, ОПЕК мемлекеттерінің мұнай өндіруді қысқарту туралы хабарлар, АҚШ-тың еңбек нарығының ауалы туралы позитивті есеп берудің шығуы, Кытай ОБ-нің кредиттеуді ынталандыру мақсатында банктер үшін резервте нормаларын төмендету туралы шешімі, АҚШ ФРЖ төрағасы Джером Пауэллдің ақша-кредит саясатының бағамын анықтаудағы орамалдықты сақтау туралы түсініктемелері болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валю-

та бағамдарының** АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты: Бразилия реалы Жаир Болсонаудын президент лауазымын атқаруға кірісуі, сондай-ақ Бразилияның экономика министрінің зейнетақыға шығыстарды қысқарту және мемлекеттік активтерді сату және сыйлықты жүйені жеңілдету бойынша ақымды реформалар туралы әуе беруінің аясында 4,1%-ға (3,88-ден 3,72-ге дейін) нығайды. Оңтүстік Африка рәнді нарығының қауіптенуі ескері отырып, АҚШ ФРЖ төрағасының ақша-кредит саясатының бағамын анықтаудағы орамалдықты сақтау туралы мәлімдемесінен кейін инвесторлардың түзелік активтеріне сұранысының өсуі аясында 3,3%-ға (14,43-тен 13,96-ға дейін) нығайды; Ресей рублі мұнайға бағамын өсуі аясында 2,9%-ға (69,55-тен 67,54-ке дейін) нығайды; Индонезия рупиясы ұлттық валютасын түзелдіретінді сақтау валютасы (2018 жылғы Индонезия бәзілік бәзілік мөлшерлемесі 6 есе көтерілді) ОБ-нің 2019 жылғы негізгі мөлшерлемесі көтеру циклін аяқтауға әзір еместігі туралы мәлімдеудің ая-

сында 2,0%-ға (14 568-ден 14 270-ке дейін) нығайды; Мексика пессосы инвесторлардың түзелік активтеріне сұранысының өсуі аясында 1,2%-ға (19,66-дан 19,42-ге дейін) нығайды; Үндістан рупиясы фермерлік шаруашылықтары қолдау үшін мемлекет шығыстарын ықтимал ұлғайтуға байланысты фискалдық тапшылықтың таргеттелетін нымен асып түсуі туралы нарықтың қауіптенуіне қарамастан 0,3%-ға (69,93-тен 69,73-ке дейін) біраз нығайды; Түрік лirasы екінші ай қатарынан инфляцияның баяулауы аясында 1,1%-ға (5,27-ден 5,33-ке дейін) нығайды, ол болашақта ОБ-нің негізгі мөлшерлемесі төмендету туралы шешіміне әсер етуі мүмкін.

* Шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздерінің негізінде атта сайын дайындады; ** АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

АХҚО – БИРЕГЕЙ ҚАРЖЫ ХАБЫ

Қор нарығының жаңа белесі

Биржа қызметі сараланды

Өткен жылдың қараша айында Мемлекет басшысы АИХ алаңында бағалы қағаздардың сауда-саттығын ашып, онда әлемдік уран нарығының 20%-ке жуығын қамтитын «Қазатомнеркәсіп» ұлттық компаниясы IPO-ға алған рет ныққан болатын.

БІР АПТАДАҒЫ САУДА-САТТЫҚКА ШОЛУ

Бағалы қағаз	24-28 желтоқсан аралығындағы алғашқы кәсіпкерлер саны	Өткен аптаға қатысты өзгеріс, %	24-28 желтоқсан аралығындағы алғашқы кәсіпкерлер саны	Өткен аптаға қатысты өзгеріс, %	28 желтоқсандағы мәмілелердің жалпы саны	28 желтоқсандағы мәмілелердің жалпы көлемі
KAP	214	12.04%	KZT 138,164,425	-52.47%	2359	KZT 3,288,033,705
KAP.Y	5	-16.67%	USS 42,317.46	44.88%	77	USS 582,335.63

БОТАӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Халықаралық деңгейдегі қаржылық қызметтердің жетекші орталығын қалыптастыру мақсатында құрылған АХҚО жұмысы осы салада тартымды орта құру арқылы ел экономикасына инвестициялар тартуға жәрдемдесу, еліміздің бағалы қағаздар нарығын дамыту, оның халықаралық капитал нарықтарымен ықпалдасуын қамтамасыз етуге бағытталып отыр.

Бас қаржы орталығының биржасы – Astana International Exchange, АИХ-тің акционерлері – АХҚО, GoldmanSachs, Шанхай қор биржасы, Жібек жолы қоры және www.aix.kz АИХ сауда платформасын ұсынатын NASDAQ болып табылады. Өткен жылы бірқатар эмитенттердің бағалы қағаздары – ҚР Қаржы министрлігінің суверенлигациялары, «Қазатомнеркәсіп» ҰАК» АҚ жай ақциялары мен жаһандық депозитарий қолхаттары және «Қазакстан темір жолы» ҰК» АҚ корпоративтік облигациялары АИХ алаңында листингтен өтті.

АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ:

АИХ АХҚО биржасы 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын дамыту жоспарында құрылды. 2018 жылдың 14 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев АИХ алаңында бағалы қағаздардың алғашқы саудасын ашты. АХҚО, GoldmanSachs, Шанхай қор биржасы, Жібек Жолы Қоры және www.aix.kz АИХ сауда платформасын ұсынатын NASDAQ та – АИХ акционерлері болып табылады.

Бұл ретте төрт компания АИХ-те борыштық бағалы қағаздарды жеке орналастыруды (private placement) жүргізді. Бұдан басқа, «Шұбаркөл Көмір» АҚ және «Қазхром» ҰҰК» АҚ компанияларының бағалы қағаздары «ре-IPO» санатына енгізілді. 13 брокерлік компания, соның ішінде 2 ірі халықаралық компания АИХ-ке сауда мүшелері болып кірді. АИХ (АИХ CSD) Бағалы қағаздардың орталық депозитарийіне екі кастодиан банк

– Сбербанк және ЦентрКредит банкі мүше болды. Сондай-ақ өткен жылы АИХ CSD-де 60 мыңнан астам инвестор үшін шоттар ашылды.

Сауда қызметінің нәтижелері бойынша IPO сөгінін бастап «Қазатомнеркәсіп» («KAP») жай ақциялары бойынша айналым 3,3 млрд теңгені (2 359 мәміле, 697 047 акция) құрады. Осы кезеңде «Қазатомнеркәсіптің» жаһандық депозитарлық қолхаттарымен (ЖДК)

шамамен 582,3 мың АҚШ доллары (46 503 акция) сомаға 77 мәміле жасалды.

АИХ басқарма төрағасы Тим Беннет атап айтқандай, АИХ өз қызметінің алғашқы жылды елеулі нәтижелерге қол жеткізіп, бірнеше маңызды кезеңдерден өтті. Халықаралық инвесторлар үшін таныс реттеуші орта, сондай-ақ жергілікті және халықаралық брокерлердің экожүйесі құрылды, жекешелендірудің мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде листингтен бірінші өткен ұлттық компанияның IPO өткізуі үшін алаң ұсынылды, сондай-ақ жергілікті және халықаралық инвесторлар тарапынан «Қазатомнеркәсіптің» қағаздарына айтарлықтай қызығушылық қамтамасыз етілді, жоғары технологиялық инфрақұрылым толыққанды жұмыс істеді.

– Бір жылдан аз уақыт ішінде біз әлемдік деңгейдегі биржаны құруға қол жеткіздік, және болашақта Қазақстанның капитал нарығын дамыту жөніндегі жұмысымызды жалғастыратын боламыз, – дейді басқарма төрағасы.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ШАРА

ҚАЛА КАУПСІЗДІГІ ҚАЙ ДЕНГЕЙДЕ?

Астана әкімі Бақыт Сұлтанов қаладағы барлық газ толтыру станциялары тексеруді тапсырды. Мұндай тапсырма газды пайдалануға қатысты екі оқиғаның орын алуына орай беріліп отыр.

Елорда өкімдігінің ресми сайтының мәліметінше, аппараттық кеңесте Астана әкімі Бақыт Сұлтанов ТЖ департаментіне қаладағы барлық газ толтыру станцияларын тексеруді тапсырды. Еске салсақ, 2 қарғанда кешке Ажол көшесі, 26 мекен-жайы бойынша орналасқан жеке газ толтыру станциясы аумағында сыйымдылығы 5 текше метрді құрайтын шистерна өртенген болатын. Салдарынан станция маңындағы қойманың шатыры бүлініп, жатақхана терезелері сынған. Сол секілді 26 желтоқсанда қаладағы тұрғын үйлердің бірінде газ қалқындары жапқан болатын.

– Өрпитестер, 31 желтоқсанда Магнитогор қаласында 10 қабатты тұрғын үйде газбаллоны жарылғанын білесіздер. Адамдар қаза болды. Осындай жағдайдың алдын алу мақсатында ТЖД-не, индустриялық даму және өнеркәсіптік қорғаныс комитеті департаментіне аталған жағдайларға байланысты тексеріс жүргізіп, қаладағы барлық газ құю станцияларын тексеруді тапсырды. Оның нәтижесі бойынша маған есеп беретін болмағандар, – делі қала басшысы.

Сонымен қатар қаланың проблемалық мәселелеріне қатысты рейтингке сәйкес iKomek 109 бірыңғай байланыс орталығына қала тұрғындарынан түсетін проблемалық мәселелердің қатарында қалалықтардың тыныштығын бұзу оқиғалары шешімін таппай отыр. Осылайша жыл басынан iKomek орталығына тұрғындар жер-жерлерінде, бірінші және екінші қабаттарында орналасқан тампанға және демалыс, көңіл көтеру орындарының тыныштығын заңсыз сақтамаушы тұрғындардың келіп түсуі, Тұрғындар тунгі уақытта әуендерін тың катты естіруді, айғай-шуға, қоғамдық қауіпсіздік, санитария-гигиеналық кезеңдердің бұзылуына қатысты шағым түсіреді. Бұл ретте әкім мұндай мәселелерді шешу үшін сәулет басқармасына кешенді шараларды әзірлеп, жұмыс барысы жайлы Қала құрылыс кенесінің алдағы отырысында баяндауды тапсырды.

Астаналықтардың жиі көтерініп және жиі қолпн сұрағы – медициналық қызмет көрсететін орталықтардың қолжетімділігі. Жыл басынан бері iKomek 109 бірыңғай орталығына «Дәрігердің қабылдауына жазылу» қызметі бойынша 42 өтініш түскен.

– Мемлекет басшысы медициналық қызмет көрсету сапасы халықтың әлеуметтік көңіл-күйінің маңызды компоненті екендігін әрдайым айтады. Кез келген жан мекемекетті сапалы, кедергісіз алуы тиіс, – делі әкім.

Тұрғындарды мазалаған тағы бір мәселе – қысқы демалыс орындарындағы сақтық шарасы. Б.Сұлтанов аудан өкімдеріне қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, демалушылардың шағын мадмуна барлық жағдайды жасауды тапсырды.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

ТАБЫСТЫЛЫҚ ИНФЛЯЦИЈДАН ЖОҒАРЫ

2018 жылдың 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 9,1 трлн теңгені құрап, жыл басынан бері 1,4 трлн теңгеге немесе 17 пайызға өсті.

2018 жылдың 11 айы ішінде шарттардың барлық түрі бойынша салымшылар мен алушылардың жеке зейнетақы шоттарының саны (ЖЗШ) 248,7 мың бірлікке артып, өткен жылдың 1 желтоқсанына қарағанда 10,4 млн бірлікті құрады. Зейнетақы жинақтарының басым бөлігі міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан. Олардың сомасы 8,9 трлн теңгеге жетті. Ай сайынғы жарнаның орташа сомасы 15,6 мың теңгені құрады. Бұл ретте 2018 жылдың 11 айы ішінде түсімдердің жалпы сомасы 722,8 млрд теңге болды.

Өткен жылдың 11 айында Кордың салымшылары мен алушыларының зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс сомасы 746,8 млрд теңгені құрады. Яғни, жарналар бойынша түсімдердің деңгейімен бірдей деуге болады. 2018 жылдың 11 айы ішінде зейнетақы активтерінің табыстылығы 9,24 пайыз болды. Бұл кезеңде инфляция деңгейі 4,6 пайызға құрады. Жылдық тұрғыда алып қарайтын болсақ, Кордың зейнетақы активтерінің табыстылығы 2017 жылдың 1 желтоқсаны мен 2018 жылдың 1 желтоқсаны аралығында 10,02 пайыз болды. Бұл кезеңде инфляция деңгейі 5,3 пайызға көрсетті. Осылайша, табыстылық екі кезеңде де инфляция деңгейінен жоғары. Яғни, салымшылардың жинақтары табысты болып жатыр.

2018 жылдың 11 айы ішінде БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерінің сомасы шамамен 156 млрд теңгеге жетті. Оның ішінде зейнеткерлік жасқа толғау байланысты төлемдер – 76,6 млрд теңгені (немесе 49%), сақтандыру ұйымдарына аударылған зейнетақы жинақтарының сомасы – 22,2 млрд теңгені (немесе 14%), КР аумағынан тыс жерлерге тұрақты тұрғын кетуге байланысты төлемдер – 32,0 млрд теңгені (немесе 20%) және басқалық бірқолғы төлемдер (жерлеуге және мұрагерлерге берілген) – 25,2 млрд теңгені (немесе 16%) құрады.

БОТАӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

БАҒАЛЫ КАҒАЗДАР



Заңнамада қандай өзгерістер бар?

Тіркеушінің функциялары 2019 жылдың 1 қаңтарынан Орталық депозитарийге өтті.

ЕРНАР ОРМАНОВ

Бұл «Бағалы қағаздар нарығы туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» заңдарға түзетулер енгізуге сәйкес эмиссиялық мемлекеттік емес бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізімдері жүйесін жүргізу жөніндегі функцияларымен қоса берілді.

Орталық депозитарийдің базасында бағалы қағаздардың барлық ұстаушылары туралы бірыңғай деректер базасын құру бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу рәсімдерін айтарлықтай жеңілдетуге және уақыттың қысқартуға, сондай-ақ эмитенттер мен инвесторлардың тарифтерді қайта қару есебінен шығындарын азайтуға мүмкіндік берді, деп болжануда.

Эмитенттерді бағалы қағаздар нарығына шығуға ынталандыру үшін шеңберінде, сондай-ақ мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруға байланысты рұқсат беру рәсімдерін оңтайландыру жүргізілді, оның ішінде:

– Уәкілетті органның эмиссиялық мемлекеттік емес бағалы қағаздар шығарылуымен мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылатын

құжаттары қарау мерзімі 5-15 жұмыс күніне дейін қысқартылды.

– Бағалы қағаздар шығару жобаларына өзгерістер енгізуге байланысты рәсімдер саны қысқартылды, атап айтқанда, қаржылық септілік депозитарийінде жарияланатын өзгерістерге қатысты талаптар алынуы тасталды.

– Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару перспективінің мазмұнына қойылатын талаптар оңтайландырылды.

– Мемлекеттік емес эмиссиялық орғанға ұсынылатын құжаттар пакеті қысқартылды, оның ішінде егер құжаттар бұрын қаржылық септілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылса, онда эмитент оларды қайтадан ұсынабайды.

Бұдан басқа, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруға және өтеуіе байланысты рұқсат беру рәсімдері елеуір ырықтандырылды, оның ішінде Эмитенттер немесе инвесторлар Ұлттық банк беретін септіліктің кейбір түрлері жойылды. Атап айтқанда:

– Ұлттық банкке мемлекеттік емес облигациялар мен пайдалы орналастыру қорытындылары туралы есептер беру жөніндегі талаптар алынуы тасталды.

Эмитенттердің мемлекеттік емес облигациялары өтеу қорытындылары туралы есептерді ұсынуы хабарлама сипатына ауыстырылды.

– Ұлттық банкке акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есептер беру үшін есепті кезең 6 айдан 12 айға дейін ұлғайтылды және акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту үшін ұсынылатын құжаттар пакеті қысқартылды.

Сондай-ақ бағалы қағаздарды халықаралық практикаға сәйкес ұлттық сәйкестендіру жүйесін келтіру мақсатында Ұлттық банк бағалы қағаздарға беретін ұлттық сәйкестендіру нөмірлерінен 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Орталық депозитарий беретін халықаралық сәйкестендіру нөмірлеріне (ISIN кодтарына) көшу көзделген.

БЖЗК

Зейнетақы шотын ашу рәсімі оңайлатылды

2019 жылдың 8 қаңтарынан бастап БЖЗК-да міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін жеке тұлғаға ЖЗШ ашу жөніндегі өтінішті рәсімдеу үшін БЖЗК-ға, оның ішінде Кордың веб-сайты арқылы жүтінудің қажеті жоқ.

КАНАТ ҚУАНЫШЕВ

Енді жеке тұлғаның БЖЗК-да МЗЖ есепке алу бойынша ашылған зейнетақы шоты жоқ болса, алғашқы жарна келіп түскен кезде зейнетақы шоты Кордың аппараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына (КР 26.12.2018 ж. №203-VI Заңы) тиісті өзгерістер енгізілді.



Бұл ретте жеке тұлға МЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматтында көрсетілген деректер (тегі, аты, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, туған күні) бойынша сәйкестендіріледі. Ал жеке тұлғаның жеке басын қуалаандыратын құжаттың деректері бойынша қажетті мәліметтерді Кор мемлекеттік органдардың аппараттық жүйелерінен алатын болады.

Еске саламыз, бұған дейін жеке тұлға МЗЖ есепке алу бойынша ЖЗШ ашу үшін шот ашу жөнінде тиісті өтінішті рәсімдеуге міндетті болғанын.

Ескерте кететін жәйт, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша ЖЗШ ашу тәртібі бұрынғысы өзгеріссіз қалды.

Айта кетелік, электрондық шифрлық қолтаңба (ЭЦК) бар болған жағдайда, ерікті зейнетақы жарналарын (өз пайдалыны) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын БЖЗК сайтында онлайн тәртібінде ашуға болады. Бұл салымшылар мен алушылар үшін өте ыңғайлы.

